

Қазақстан Республикасына шет ел кредиттерін тарту жұмыстарын тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 ақпандағы N 139 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 294 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.30 № 294 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының экономикасына шет ел капиталын тарту процестерін мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 2035 К952035_ қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Шет ел кредиттерін тарту және пайдалану саласында мемлекеттік басқару органдарының, банктер мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара іс-қимылын тәртіпке келтіруді қамтамасыз ету үшін:

а) Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін шет ел инвестицияларын және тауар кредиттерін тарту, пайдалану және есепке алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы беріліп отырған Ереже б е к і т і л с і н ;

ә) Қазақстан Республикасы алатын және кепілдік беретін шет ел кредиттерін Қазақстан Республикасының атынан алатын заемшылар, сондай-ақ осы кредиттерге қызмет көрсету жөніндегі агенттер болып:

орта мерзімді және ұзақ мерзімді инвестициялық кредиттер бойынша - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік даму банкі;

шетелдердің осы секілді қаржы-банк ұйымдарынан тартылатын қысқа мерзімді және орта мерзімді инвестициялық кредиттері бойынша, сондай-ақ:

КАЗАХСТАН АЛЕМ БАНК-тің құқықтық мұрагер ретінде ол қайта қойған;

Осы Қаулы қабылданғанға дейін қайта жасалған нақты жобалар бойынша күшіне енген кредит келісімдері бойынша - Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі белгіленсін;

б) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай ішінде шетел кредиттері мен заемдарын тіркеу туралы және Қазақстан Республикасының кепілдіктерін берудің тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлеп, бекітсін; шағын және орта бизнестің инвестициялық жобасы бойынша рұқсат етілген

в) Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі Қазақстанның Мемлекеттік даму банкін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкін және коммерциялық банктерді тартып, бір ай мерзім ішінде алған немесе Қазақстан Республикасының кепілдігі берілген шетел кредиттерінің есебінен қаржыландырылатын тауарлар сатып алу мен инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың тәртібі мен процедуралары туралы нұсқаулықты әзірлеп, бекітсін;

г) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің алған шетел кредиттеріне агенттік қызмет көрсету үшін тәуекелдікті бөлісу және қазақстандық коммерциялық банктерді тарту жағдайында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін алған шетел кредиттері бойынша қазақстандық коммерциялық банктерге Қазақстан Республикасының кепілдіктерін беру тәртібін әзірлеп, бекітсін.

Ескерту. 1-тармақтың "б" тармақшасы жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.04.25. N 548 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Экономикасын құрылымдық жаңғырту үшін шетел капиталын тарту мен пайдаланудың Мемлекеттік бағдарламасының жобасын әзірлеп, ұсынатын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Экономика министрлігімен, мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен, Қазақстанның Мемлекеттік даму банкімен бірлесіп және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қатысуымен 3 ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының сыртқы борышын басқарудың кешенді жүйесінің енгізілуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі мен Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі екі апта мерзімде банктердің Жарлығын осы қаулымен сәйкестендіріп, кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде қайта тіркелетін етіп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі шет ел кредиттерін тарту мен пайдалану мәселелері жөніндегі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулымен сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 8 ақпандағы
N 139 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан
Республикасының кепілдігімен берілетін
шетелдік инвестициялық және тауарлық кредиттерді
тарту, пайдалану және оларды есепке алу
жұмыстарын ұйымдастыру туралы

ЕРЕЖЕ

Бұл Ереже Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігімен шетелдік мемлекеттер, банктер мен банк топтары, жекелеген шетелдік фирмалар (бұдан былай - шетелдік кредиторлар) беретін шетелдік инвестициялық және тауарлық кредиттерді тарту, пайдалану және оларды есепке алу жұмыстарын ұйымдастырудың тәртібін анықтайды.

Бұл Ереже Қазақстан Республикасындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер дербес түрде тартып, пайдаланатын және Қазақстан Республикасының кепілдік беруін талап етпейтін шетелдік кредиттерге және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тартып, қызмет көрсететін кредиттерге қолданылмайды.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы алатын немесе кепілдік беретін шетелдік инвестициялық және тауарлық кредиттердің жалпы жылдық сомасын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісуі бойынша әзірлеген ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының сыртқы берешектері лимиті шегінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

II. Қазақстан Республикасы алатын немесе кепілдік беретін шетелдік кредиттердің пайдалану бағыттары

2. Ш е т е л д і к к р е д и т т е р :

кәсіпорындардың жұмыс істеуіне қажетті жабдықтар мен технологияларды, оларды жаңартып, дамытуға арналған жабдықтар мен қызметтерді (инвестициялық кредиттерді) қоса алғанда, жаңа кәсіпорындардың құрылысы мен жаңа өндірістер ұйымдастыру үшін;

ерекше жағдайларда шикізат, материалдар, жинақтаушы бұйымдар, дәрі-дәрмек, басқа да әлеуметтік мәні бар тауарлар (тауарлық кредиттер)

импорттау үшін тартылады.

3. Инвестициялық кредиттер Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарында көзделген жобаларды жүзеге асыру үшін пайдаланады, бұл жобалар осы Ережеде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі әзірлеген ұсыныстар негізінде Министрлер Кабинетінің қаулыларымен бекітіледі.

Өтелу мерзіміне қарай инвестициялық кредиттер қысқа мерзімді (1 жылға дейін), орташа мерзімді (1 жылдан 5 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (5 жылдан артық) болып бөлінеді.

4. Тауарлық кредиттер мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін тауарлар сатып алу үшін, табиғи зілзалалардың зардаптарын жою үшін, өткір әлеуметтік және мемлекеттік мұқтажды өтеу үшін пайдаланылады.

Тауарлық кредиттердің жалпы сомасы алынатын шетелдік кредиттердің жалпы жылдық мөлшерінің бес процентінен аспауы тиіс. Ішкі заемшы үшін тауарлық кредиттердің өтелу мерзімі бір жылдан аспауы тиіс.

5. Кредиторларды, сондай-ақ шетелдік тауар (жұмыс және қызмет көрсету) жөнелтушілерді конкурс бойынша іріктеп алу шетелдік кредиттер есебінен қаржыландырудың басты шарты болып табылады.

III. Қазақстан Республикасы алатын немесе кепілдік беретін шетелдік кредиттерді тартудың тәртібі

6. Шетелдік кредиттер тарту туралы шешімді Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің, Қазақстан Мемлекеттік даму банкінің және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қабылдайды.

7. Шетелдік кредиттерді тартудың шарттары шетелдік кредиторлармен келіссөздер барысында анықталады, келіссөздерді мүдделі министрліктерді, ведомстволарды, банктерді, облыстардың әкімдерін, кәсіпорындар мен ұйымдарды тарту арқылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі жүргізеді.

8. Шетелдік кредиттер мен заем тарту мәселелері бойынша үкіметаралық келісімдерге Қаржы министрі немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген адам қол қояды.

Қажет болған жағдайда бұл құжаттар Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінде бекітіледі.

IV. Шетелдік кредиторларға берілетін кепілдіктер

9. Шетелдік кредиторларға Қазақстан Республикасының кепілдіктері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша беріледі. Кепілдіктер беруді қол қойылған сыртқы кредиттік келісімдер есебінен қаржыландырылатын нақты контрактылар (қаржылық контрактылар, шарттар, келісімдер) бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады. Кепілдіктерге Қазақстан Республикасының Қаржы министрі немесе оның орнындағы адам қол қ о я д ы .

10. Заем алушы банктердің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне белгіленген тәртіпке сәйкес қарама-қарсы кепілдіктер немесе мемлекеттік банктер үшін олар осы Ереженің 13-тармағындағы а, ә, б тармақшаларына жататын жобаларды қаржыландырылған жағдайда Қазақстан Республикасының кепілдіктерін қамтамасыз ету жөнінде міндеттемелер тапсыруы Қазақстан Республикасының кепілдіктерін берудің міндетті шарты б о л ы п т а б ы л а д ы .

11. Барлық кепілдіктер Қазақстан Республикасының сыртқы заемдарға арналған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бекітетін лимиті шеңберінде беріледі.

V. Шетелдік кредиттер мен заемдарды пайдалану туралы шешімдер әзірлеу және қабылдау

12. Министрліктер, ведомстволар, облыстардың әкімдері мүдделі ұйымдар мен кәсіпорындардың, салалық және аймақтық бағдарламалардың негізінде Қазақстан Республикасы кепілдендіретін шетелдік кредиттер мен заемдар есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың және тауарлар сатып алудың тәртібі мен процедуралары туралы нұсқаулыққа сәйкес үстіміздегі жылдың 1 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне инвестициялық жобалар мен тауарлар сатып алу туралы бірінші басшы қол қойған ұсыныстарды тапсыруы тиіс.

13. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының кезекті Индикативтік жоспарын әзірлеу ш е ң б е р і м е н м е р з і м і н д е :

құрылымдық-инвестициялық саясаттың басым бағыттарын; инвестициялық жобалар мен тауарлар сатып алуды сыртқы қаржыландыру ісін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы кепілдіктерінің жалпы лимиттерінің салалар бойынша бөлінісін мынадай санаттарға саралап:

а) сыртқы қаржыландыруға деген болжамды бағасы көрсетілген ірі инвестициялық жобалардың (құны он миллион АҚШ долларынан артық) тізбесін ;

ә) импорттаушы кәсіпорындар (ұйымдар) көрсетілген тауарлар сатып алу т і з б е с і н ;

б) импорттаушы кәсіпорындар (ұйымдар) көрсетілген әлеуметтік саланың инвестициялық жобалары мен әлеуметтік мұқтажға арналған тауарлар сатып алу тізбесін;

в) Қазақстандағы коммерциялық банктер арқылы (олардың қарама-қарсы кепілдіктерін алу шартымен) орта және шағын бизнестің инвестициялық жобаларын қаржыландыруға арналған салалар бойынша бөлу арқылы;

халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдар мен жәрдем беруші елдерден даму үшін алынатын ресми көмек шеңберінде кредиттер мен заемдарды молықтыру жөніндегі ұсыныстарды;

шетелдік кредит немесе заем алушы мемлекеттік банк жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізеді.

14. Кепілдіктердің жалпы салалық лимиттері, ірі инвестициялық жобалар мен сатып алудың тізбелері және оларға кредит беруші мемлекеттік банктер, орта және шағын бизнеске арналған кепілдіктердің салалық лимиттері Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен соң, баспасөзде жарияланады.

15. Тиісті мемлекеттік банк нақты жобаның күрделілігі айқындайтын, бірақ 3 айдан артық емес мерзімде 13-тармақтың а, ә, б тармақшаларына жататын жобаларға банктік сараптама жүргізеді. Қосымша сараптама жүргізу талап етілетін жекелеген жағдайларда Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің келісуі бойынша бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Оң тұжырым болған жағдайда тиісті мемлекеттік банк мүдделі кәсіпорынмен бірлесіп (бұдан былай - ішкі заем алушы), жобаны, оны қаржыландыру схемасын және ішкі заем алушы тарапынан кепілдіктердің (қарама-қарсы кепілдіктердің) қамтамасыз етілу тетігін онан әрі пысықтайды.

Теріс тұжырым болған жағдайда тиісті мемлекеттік банк осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген нұсқаулықтағы тәртіпке сәйкес аталған жобаны бекітілген тізімінен шығару туралы Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне ұсыныс енгізуге міндетті.

Қаржыландыру үшін әзірленген жобаны мемлекеттік банк белгіленген нысанға сәйкес Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің қарауына ұсынады, ол бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тиісті шешімінің жобасын әзірлейді.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің ұсыныстары негізінде нақты жоба бойынша шешім қабылдап, тиісті мемлекеттік банкке кредиттік келісім жасасуға рұқсат береді және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне аталған жоба бойынша Қазақстан Республикасының кепілдігін беруді тапсырады.

Ішкі заемшы тиісті мемлекеттік банкке кредитті және оған байланысты

төлемдерді өтеу кепілдіктерін, оларды қамтамасыз ету көздері мен тетіктерін
табыс етеді.

Тиісті мемлекеттік банк осы Ереженің 10-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының кепілдігін қамтамасыз ету жөнінде Қаржы министрлігіне міндеттемесін табыс етеді.

16. Ірі жобаларды қаржыландыруға арналған шетелдік кредиттерге банктік қызмет көрсету ісін мемлекеттік банктер конкурстық негізде Қазақстандағы коммерциялық банктердің арасында жүзеге асыра алады.

Осы кредиттерге қызмет көрсету ісін коммерциялық банктер арасында аталған жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі бекітеді.

17. Сыртқы кредиттік келісімдер бойынша құқықтық сараптаманы белгіленген тәртіппен бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Әділет министрі жүзеге асырады.

18. Ішкі заем алушылар осы Ереженің 13-тармағының "в" тармақшасына жататын инвестициялық жобаларды кейін мүмкіндігіне қарай Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін сыртқы заемдар есебінен кредит беру үшін рұқсат етілген қазақстандық коммерциялық банктерге табыс етеді.

19. Қазақстандағы коммерциялық банктерге рұқсат ету тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі бекіткен ережеге сәйкес анықталады.

20. Рұқсат етілген банктер ішкі заем алушылармен бірлесіп, инвестициялық жобаларды пысықтайды және белгіленген тәртіпке сәйкес қаржыландыру үшін әзірленген жобаны Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне тапсырады.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі рұқсат етілген банктер тапсырған жобаларды олардың келіп түсуіне қарай белгіленген тәртіппен бір ай ішінде қарайды және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тиісті шешімінің жобасын әзірлейді.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің ұсыныстары негізінде нақты жоба бойынша шешім қабылдап, рұқсат етілген тиісті банкке кредиттік келісім жасасуға рұқсат береді және Қазақстан Республикасының кепілдіктерін беру тәртібіне сәйкес аталған жоба бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тапсырады.

21. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жобаны тапсырушы рұқсат етілген банктің белгіленген нысандағы қарама-қарсы кепілдігі болған жағдайда ғана жоғарыда көрсетілген жобалар бойынша Қазақстан Республикасының кепілдігін ақылы негізде береді.

22. Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі рұқсат етілген банктер үшін жоғарыда айтылған шарттармен орта және шағын бизнестің инвестициялық жобаларына өз меншігіндегі капитал шегінде дербес кредит бере алады.

VI. Жүзеге асыру және бақылау

23. Шетелдік валютамен алынатын барлық инвестициялық және тауарлық кредиттер банктер мен ішкі заем алушылар әрбір кредит бойынша тапсырған құжаттама негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде тіркеледі.

24. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нұсқаулыққа сәйкес Қазақстан тарапынан тиісті банктер қол қойып жасалатын кредиттік келісімдер, сондай-ақ нұсқаулыққа тартуға, пайдалануға және өтеуге қатысты барлық құжаттар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде тіркелуге жатады.

Тіркелуге жататын құжаттар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қол қойылған соң 10 күн ішінде ұсынылады. Олар жоғарыда көрсетілген құжаттар табыс етілісімен 15 күн ішінде тіркеліп, бұл туралы тіркеу куәлігі беріледі.

25. Сыртқы борыш есебінен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүргізеді. Шетелдік кредиттер мен заемдарға қызмет көрсететін банктер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне сыртқы берешек туралы белгіленген нысан бойынша және белгіленген мерзімде тоқсан сайын есеп беріп отырады.

26. Шетелдік кредиттер алушы банк-заемшылар жобалардың жүзеге асырылуына бақылау жасайды және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігіне белгіленген нысан бойынша тоқсан сайын есеп беріп отырады.

27. Ішкі заем алушылар мемлекеттік статистика органдарына, тиісті салалық министрлікке және облыс әкіміне инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы туралы белгіленген нысан бойынша тоқсан сайын ақпар беріп отырады.

28. Тиісті салалық министрлік немесе облыс әкімі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы шет елдік инвестициялар жөніндегі агенттікке және Қаржы министрлігіне белгіленген нысан бойынша ақпар беріп отырады.

29. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджетті жасау кезінде кредиттерге, оның ішінде валютамен өтелмейтін жобаларға қызмет көрсететін арнайы қор құрылуын көздейді. Бұл қор сыртқы қаржы көздері, бонустар мен роялти, кәсіпорындарды жекешелендіруден, кәсіпорындар банкрот болған кезде олардың активтерін сатудан түсетін қаражаттан және басқа қаржы

көздері есебінен толықтырылады.

Үкімет кепілдіктері бар заем алушылар өздеріне байланысты себептермен берешек болған жағдайда оның орнын толтыру үшін Үкіметтің шешімімен аталған қордан бір жылдан аспайтын мерзімге кредиттер берілуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК